Түркістан облысы
Қазығұрт ауданы
«Айболған» бөбекжай балабақшасы

«Бекітемін»
Балабақша меңгерушісі:
Б.Естауова

# Жазғы сауықтыру кезеңіне жұмыс жоспары

Әдіскер:Нурлыбекова М

2019-2020ж

2019-2020оқу  жылдарына

«Айболған» бөбекжай балабақшасының тәрбиелік - білім беру

жұмысының жылдық жоспарына қосымша

Педагогикалық кеңестің шешімі негізінде қабылданды,

"_31_" ___05_______ ж. №_3__ хаттама

# Жазғы сауықтыру кезеңіне жұмыс жоспары

# Балабақшада жазғы сауықтыру жұмысын ұйымдастыру

Балалармен жүргізілетін жазғы жұмысты сауықтыру жұмыстары деп атауымыздың себебі, оның өзіндік қыр-сыры бар. Баланың денсаулығын нығайтуға қажетті жазғы уақыттың жағымды жақтарын алу маңызды, бала өсіп-жетіліп, толысып, шынығуы қажет. Өсімдіктер мен жануарлар әлемінің таңғажайып, көркемдігін түсініп, жақсы көруді үйренуі маңызды. Жазғы уақытта мектеп жасына дейінгі баланың танымдық қабілеттерінің дамуы үшін табиғат зор мүмкіндік береді.

Жазғы жұмыстың табысты болуы балабақша ұжымының қаншалықты уақытында дайын болуына байланысты айқындалады.
Ең бастысы – педагогтарды қажетті біліммен қаруландыру. Ол үшін әдістемелік кабинетте белгілі бір сұрақтарға байланысты қажетті әдебиеттер таңдалып алынады, әр тәрбиешіге өзіне таныс бір тақырыпты алып, өз еркімен жұмыс істеуді ұсыну, кейін тәжірибемен, білім және қызығушылығымен бөлісуге мүмкіндік беру қажет.

<u>Тақырыптама:</u>

1. Балалармен жүргізілетін шынығу-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру
- Осы кезеңге арналған таңғы гимнастиканың вариативтілігі
- Қозғалмалы ойындарды ұйымдастыру
- Мерекелер мен бос уақыттарды өткізу
- Орманға жорық пен серуенге арналған ойындар
- Сумен ойнайтын ойындар

2. Табиғат әлемі
- Маусымдық бақылау, құбылыс күнтізбесі (жәндіктер, балықтар, өсімдіктер, құстар және т.б.)
- Өзіміз тұратын өлкенің табиғаты
- Гүлзарлар мен бақшаның жұмыстарын ұйымдастыру
- Табиғаттың құпиясы, дәрілік және улы өсімдіктер
- Саяхатты өткізуге арналған талаптар
- Улы өсімдіктермен уланудың ескерту бойынша алдын-алу жұмыстары

3. Ойын
- Жазғы алаңқайларда ойын құралдарының мазмұны мен орналастыруға қойылатын талаптар
- Жазғы уақытта әр түрлі ойын түрлерін ұйымдастыру

4. Көркемдік-бейнелеу өнері
- Бейнелеу өнерінің дәстүрлі емес тәсілдері
- Балалардың шығармашылығын дамыту

5. Жазғы мерекелер мен бос уақытты ұйымдастыру
- Балаларды орыс халқының мерекелерімен таныстыру
- Мерекені ұйымдастыруға қойылатын талаптар

- Жазғы уақытта белсенді демалысты өткізуге арналған мерекелер мен бос уақыттың тақырыптамасы мен материалдарын іріктеу

6. Балалардың өмір әрекеті мен қауіпсіздігі негіздері
- Нұсқамалар
- Өрт қауіпсіздігі ережелерін меңгеру
- «Абайла, жол!» жұмысын ұйымдастыру

7. Өлкетану
- Ескерткіштерге саяхат жасау
- Балалардың шығармашылығы конкурсының тақырыптамасы

8. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру
- Ата-аналарға арналған қандай консультациялар мен топтық әңгімелер тақырыптарын ұсынуға болады?

Сонымен қатар, тақырыптама бойынша жүргізілген жұмыстар, теориялық және практикалық тәсілдерді ашу балабақшаның барлық педагогтарына олардың сан түрлі жұмыстарында едәуір көмек болар еді.

Жазғы уақытта бағдарламаның барлық бөлімдері бойынша жүйелі, әрі толық көлемдегі жұмыстар жалғастырылады. Іс-әрекеттің барлық түрі ауаға ұласады. Әрбір іс-әрекетке қажетті орын және күн тәртібінен уақыт бөлінеді.

Жазғы уақытта балалармен сабақ жүргізу қажет пе? Балалардың толыққанды демалуына кедергі келтірмей ме? Балалардың жазғы уақытын ұйымдастыру таңдау еркіндігін беру ғана емес, оларды ұжымдық іске жұмылдыру қажет. Еркіндік беру олардың шаршауына әкеп соғады. Сабақтың түрлерін «Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру» тақырыбында өткізілген педагогикалық кеңесте айқындаймыз.

## Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс

1. Ата-аналарды балалардың денсаулық жағдайымен таныстыру, балабақшаның жазғы жұмыс бағдарламасы туралы ақпарат беру үшін жазғы дайындық бойынша топтық жиналыстар өткізу.
2. Балалармен қала сыртына шығатын және қалада қалатындар үшін медико-педагогикалық тақырыптар бойынша балаларға арналған консультацияларды ұйымдастыру
3. Әдістемелік кабинеттегі, топтардағы жылжымалы жинақ, далаға шығаратын стенд сияқты ата-аналар үшін ақпараттық-анықтамалық бөлім дайындау.

**Мақсаты:** Жазғы кезеңде тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылығын дамыту және сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға балабақшада барынша тиімді жағдай жасау.

**Міндеттері:**

- Табиғи факторларды: ауа, күн сәулесі, суды қолдана отырып, балалардың дене шынығуының дамуына және сауықтыру жұмыстарына бағытталған іс шаралардың жүйесін іске асыру;
- танымдық қызығушылықты дамыту және салауатты өмір салтына машықты қалыптастыру;
- келесі қызмет түрлеріне табиғи-заттық ортаны қолдану: табиғатта еңбекті ұйымдастыру (гүлзар, бақша, телім), танымдық қызметті ұйымдастыру, әртүрлі ойын түрлерін ұйымдастыру, қозғалыс белсенділігін, бақылау, тәжірибелік-эксперименттік және зерттеу қызметін, продуктивті қызмет түрлерін;
- жазғы кезеңде балалармен іс- шараларды бірігіп жасауға еліктіру, тәрбиелеу және сауықтыру сұрақтары бойынша ата- аналармен педагогикалық ағарту жұмыстарын жүзеге асыру.

# Педагогтармен жұмыс

| Іс шаралар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|
| **1.1. Нұсқамалар:**<br>1. «Экскурсиялар мен серуендер, ойындар, жазғы мерекелерді ұйымдастыруда балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау». | Маусым | Топ тәрбиешілері<br>мейірбике |
| 2. «Жазғы жағдайда еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы». | маусым | Шаруашылық меңгерушісі<br>тәрбиешілер |
| 3.«Жазғы жағдайда санитарлық-эпидемиологиялық және ауыз су тәртібін сақтау | Жаз бойы | мейірбике |
| **1.2. Кеңестер:** | | |
| 1. «Ересек мектеп жасына дейінгі балалармен еңбек қызметін ұйымдастыру және жоспарлау». | маусым | тәрбиеші |
| 2. «Бала ағзасын шынықтыру» . | маусым | мейірбике |
| 3. «Табиғатта мектеп жасына дейінгі балалармен қозғалыс ойындары мен жаттығулары» . | шілде | Дене шынықтыру жетекшісі |
| 4. «Бақша мен гүлзарда мектеп жасына дейінгі балалардың еңбегі» . | шілде | тәрбиеші |
| 5 «Балабақша аумағында сюжеттік-рольдік ойындарды дамыту». | тамыз | тәрбиешілер |

| | | |
|---|---|---|
| **1.3. Байқаулар:** | | |
| 1. «"Әрдайым күн болсын!"атты асфальтта суреттер байқауы». | маусым | тәрбиешілер |
| 2. «Ең гүлденген гүлзар». | шілде | тәрбиешілер |
| 3. «Құмнан жасалған таңдаулы құрылыс». | тамыз | тәрбиешілер |
| **1.5. Бақылау қызметі:** | | |
| 1. Жазы сауықтыру кезеңіне дайындық бойынша бала бақша алаңдарын қарау. | Маусым тамыз | Меңгеруші |
| 2. Таңертеңгі қабылдау (гимнастика, таза ауада серуендеу). | Маусым тамыз | әдіскер |
| 3. Серуенге қажетті құралдардың бары мен түгелдігін тексеру. | Маусым тамыз | меңгеруші |
| 4. Балалардың танымдық қызметін ұйымдастыру және жоспарлау. | маусым - тамыз | әдіскер |
| 4. Тамақтануды ұйымдастыру:<br>— тамақтану бойынша құжаттар,<br>5. — витаминизациялау, тамақтың құнарлылығын бақылау. | маусым – тамыз<br>маусым - тамыз | мейірбике |
| 6. Шынықтыру, денешынықтыру ойын-сауығы мен ойындарын өткізу. | маусым - тамыз | Денешынықтыру жетекшісі |

| | | |
|---|---|---|
| 7. Ата - аналармен жұмыс. | маусым - тамыз | тәрбиешілер |
| 8. Бақшада, гүлзарда, алаңшада балалардың еңбек қызметін ұйымдастыру. | маусым - тамыз | тәрбиешілер |
| **2. Балалармен жұмыс** | | |
| **2.1. Шынықтыру-сауықтыру жұмысы**<br>1. Таза ауада балалардың барынша көп болуы (таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі гимнастика, сабақтар, серуендер, ойын - сауық). | маусым - тамыз | тәрбиешілер |
| 2. Күнделікті өмірде шынықтыруды іске асыру: | Маусым тамыз | Тәрбиешілер |
| 3. Күнделікті өмірде шынықтыруды іске асыру: жеңілдетілген киім;<br>- желдету тәртібін сақтау;<br>- салқын сумен жуыну | Жаз бойы | Тәрбиешілер<br>мейірбике |
| 4. Арнайы шынықтыру жұмыстарын ұйымдастыру:<br>- ұйқыға дейін және кейін жалаңаяқ жүру<br>(ІІ сәбилер тобы– 2 мин, ортаңғы топ– 3 мин,<br>ересек топтар– 4 мин);<br>-Ауаның температурасының 20 градусында шөпте жаланаяқ жүру(ІІ сәбилер тобы– 8 мин, ортаңғы топтар– 10 мин<br>ересек топтар– 15 мин);<br>-күн сәулесі ваннасы шынықтыру<br>мақсатында;<br>-су емдеу шаралары; -аяқты салқын сумен емделу | Жаз бойы | тәрбиешілер<br>мейірбике |
| 5. «Денсалық» білім беру саласын жүзеге асыру:<br>-таза ауада денешынықтыру | Жаз бойы | дене шынықтыружетекшісі |

| | | |
|---|---|---|
| сабағын өткізу;<br><br>-спорттық жаттығуларды өткізу(самоката сырғанау, қалашықтар, кольцеброс);<br>-таза ауада қозғалыс ойындарын өткізу;<br>-Серуенде қозғалыс дамуы бойынша балалармен жеке және топтық жұмыс. | | |
| 6 Күнделікті ас мәзірге жас көкеністерді, жемістерді, шырындарды енгізу және көкеністен пісірілген тағамдар түрлерін кеңейту. | Жаз бойы | медбике |
| . **2.2. Негізгі іс - шаралар:** | | |
| 1. Балаларды қорғау күніне орай тақырыптық күн ( асфальтта суреттер сайысы, ойындар мен эстафеталары, музыкалық бағдарлама). | 1маусым | әдіскер<br>барлық топ тәрбиешілері |
| 2. Спорттық ойын- сауық «Сиқырлы доптар патшалығы» ортаңғы және ересек топтарға арналған. | шілде | дене шынықтыру |
| 3.Тақырыптық күн "Астана - арман қала!" (музыкалық ойын-сауық, суреттер байқауы) | шілде | Музыка жетекшісі<br>тәрбиешілер |
| 4.Сүйікті әндер фестивалі «Бір – сөз, екі – сөз, ән болады!» ортаңғы топтың, ересек топтың балалары | маусым | Музыка жетекшісі |
| 6.Конституция күніне орай тақырыптық күн "Сіздердің құқықтарыңыз - балалар!" (тақырыптық сабақтар) | тамыз | Ересек топ тәрбиешісі |
| **2.3 Ата – аналармен жұмыс** | | |

| | | |
|---|---|---|
| 3.1. «Ата - аналарға арналған;<br>- жазғы сауықтыру кезеңінде күн тәртібі;<br>- жазда балаларды тәрбиелеу бойынша ақыл кеңестер;<br>- экологиялық тәрбиелеу бойынша ақыл кеңестер;<br>- балалардың танымдық дамуы бойынша ақыл кеңестер; | Маусым-тамыз | әдіскер |
| 3.2. «Ата - аналарға арналған денсаулық бұрышы» безендіру<br>- Абайлаңыздар өсімдіктер!<br><br>- Абайлаңыздар күн сәулесі!<br><br>- Жолдардағы қауіпсіздік | Маусым- тамыз | мейірбике |
| 3.3. Жаңадан қабылданған балалардың ата - аналарына жеке кеңестер «Бала бақша жағдайына бейімделу» | Маусым тамыз | Тәрбиешілер |
| **4. Әкімшілік-шаруашылық жұмыстар** | | |
| 1. Нұсқама "Балалармен жұмысты ұйымдастырған уақытта балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау" | Жаз бойы | Тәрбиешілер<br>медбике |
| 1. Қауіпсіздік техникасы және балалардың өмірін қорғау бойынша тексеріс «Серуендеу алаңшаларының қауіпсіздігі» | Маусым тамыз | Меңгеруші<br>Шаруашылық меңгерушісі |
| Нұсқама "Тәрбиешілер көмекшілерінің қызметтік нұсқауын іске асыруы". | Жаз бойы | меңгеруші |
| 1. Көкөністер қоймасының, басқа қоймалардың, ас әзірлейтін бөлімдердің жағдайын тексеру; азық -түліктерді қабылдауды, сақтауды, өткізуді тексеру. | | меңгеруші |

| | | |
|---|---|---|
| 2. Қауіпсіздік техникасы бойынша тексеру "Ас әзірлейтін бөлімнің жұмысы". | | меңгеруші<br>мейірбике |
| 3.Тексеріс "Топтар мен кабинеттердің жаңа оқу жылына дайындығы". | тамыз | Меңгеруші<br>әдіскер |
| **4.2. Материалдық - техникалық қамсыздандыру** | | |
| 1. Балалар ойындарына арналған құмсалғыштарға құмды әкелу. | маусым | Меңгеруші<br>Шаруашылық меңгерушісі |
| 2.Көкөністерді, гүлдерді, өсімдіктерді отырғызу. Гүлзарлар мен бақшаларды күту. | маусым | Шаруашылық меңгерушісі<br>Тәрбиешінің көмекшісі |
| 3.Кабинеттер мен топтарда қарапайым жөндеу жүргізу. | шілде | Шаруашылық меңгерушісі<br>Тәрбиешінің көмекшісі |
| 4.Алаңшалардағы жабдықтарды бояу және жөндеу. | маусым | Шаруашылық меңгерушісі<br>Тәрбиешінің көмекшісі |
| 5.Топтарға жаңадан ойыншықтар сатып алу. Спорттық жабдықтарды сатып алу. | Маусым тамыз | меңгеруші |
| **4.3. Әкімшіліктің жедел отырыстары** | | |
| «Жазғы кезеңде бала бақша жұмысының дайындығы туралы». | маусым | Шаруашылық меңгерушісі |
| 1. «Бала бақшаның жаңа оқу жылына дайындығы туралы» | тамыз | әдіскер |